

Республикалық білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық
кадрларының біліктілігін арттыру институты (РБЖ БАИ)
**ЖОО педагогика мамандығының оқытушыларына біліктілікті
көтеру бағдарламасы**
Жоғары оқу орындарындағы оқытудың инновациялық әдістері



Модуль 1. «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі заманауи әдістер»



№ 1.1 Тақырып


**Инновациялық оқыту технологиялары.
Оқытудың дәстүрлі және инновациялық
технологиялары. Оқытудың
инновациялық әдістерінің
классификациясы. Құзырлы әдіс,
оқытудың белгілі нәтижеге бағытталуы.**

“Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді”

А.Байтұрсынұлы

“Бүгінгі күні де, болашақта да адамға нақты бір салада білім керек, ол құнды болу керек, дәлірек айтсақ, құндылығы кәсіпқойлыққа және ұстаздар ескі қалыптасқан көзқарастан құтылуы керек. Өйткені, ескі білімге оқушыдан сұраныс жоқ”

Н.Ә.Назарбаев



Инновациялық оқыту технологиялары.

Оқыту технологиясының жалпы сипаттамасы. "Оқыту технологиясы" ұғымы педагогикада және жеке әдістемеде әсіресе соңғы уақытта кең таралып отыр. Байқауымызша, бұл ұғымның педагогикада пайда болуы техногендік өркениеттің дамуымен байланысты және XX ғасырдың басындағы Еуропаның елдері мен АҚШ-та "технология" ұғымының өзі де, оған байланысты мәселелер де арнайы зерттеулерге арқау бола бастаған кезге жатады. XX ғасырларда педология шеңберінде "педагогикалық технология" термині туындады. Осы кезеңде педагогикалық техника ұғымы да кеңінен қолданылады. "Педагогикалық технология" ұғымы рефлексология идеяларына негізделген.

"Білім берудегі технология" термині оқытудың техникалық құралдарын (ОТҚ) қолдаумен техникалық құралдарын қолдану әдістемесі мәселелерін қарастыруда оқыту технологиясы (50-60 жж.), сондай-ақ педагогикалық технологиялар термині қолданыла бастады. 60-жылдары педагогикалық технология қандай да бір әдістемені, мысалы, бағдарламалық оқытуды ғылыми негіздей отырып қолданылуы тиіс деген түсінік қалыптасты. 70-жылдарға қарай педагогикалық тәсілі туындады.



Педагогикалық әдістер технологиясы, яғни, оқу процесін өзін немесе оқытуды құру технологиясы пайда болды. Осы бағыттың тұңғыш перзенті және педагогикалық технологиялардың салынатын іргетасы бағдарламалық оқыту болды. Оған тән сипат – оқу мақсаттарын нақтылап алып, соларға бөлік-бөлігімен бірізділікпен жету. Бұл сипаттамада оқыту технологиясының арқауы мектептегі оқыту жүйелерін құрастыру болып табылады.

70 – жылдары жүйелілік тәсілдің дамуына байланысты педагогикада педагогикалық технологиялар нақты белгіленген мақсаттарға сай оқу процесін басқаруға бағытталған дидактикалық міндеттерді шешуі тиіс деген идея қолданыс тапты. Бұл бағыттың мәні мектеп жұмысының толық басқарымдылығы идеясында жатыр.

70-80 жылдары оқыту технологиясы және оқу процесінің технологиясы термині пайда бола бастады. Кейінірек педагогикалық технология термині көбінде оқыту технологиясы терминімен теңестірілді.

Кеңінен қолданылатын "оқыту технологиясы", "білім беру технологиясы", "оқу процесінің технологиясы", терминдері ақыр аяғында оқу–тәрбие процесін ұйымдастыру және басқару дегенге келіп сақты.



Жаңа педагогикалық технологиялар білімді демократияландыруға және ізгілендіруге, оқытудың сапасын арттыруға, басқару тиімділігін жетілдіруге, білім алушылардың дамуына бақылау жасауға негізделген. Студенттер мен тыңдаушыларды ХХІ ғасырдың ақпараттық заманында еркін өмір сүруге, өмірде еркін бағдар алатындай және өзінің жеке ойы мен пікірі қалыптасқан тұлға тәрбиелеуде инновациялық технологиялардың алар орны ерекше.

Қазіргі таңда елімізде заман талабына сай білім беруді ізгілендіруге үлкен мән берілуде. Бұрын орта білім беретін мектептің негізгі міндеті білім беру мен дағды біліктіліктерін қалыптастыру болып келсе, қазіргі міндеті – ойы ұшқыр, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу.



Соңғы жылдары педагогикалық теорияда уақыт талабына сай жаңа терминдер, жаңа ұғымдар пайда болып, педагогика ғылымының басқа да пәндермен байланысын тағы да толықтырып отыр.

Мысалы, ағарту саласында жиі қолданылып жүрген «инновация» (латынның *innove* – жаңа, жаңа әдіс, әдістеме, технология, бағдарлама) терминінің өзі ауызекі тілдік айналымда ХҮІІІ ғасырдың өзінде пайда болса, ХІХ ғасырда ол ғылыми арнада кеңінен қолданыла бастаған.



Қазіргі таңда жаңа технологияларды ағарту саласында тиімді әрі сапалы қолдану үшін оның бірнеше әдіс-тәсілдері де айқындалып отыр. Бұл инновациялық әдістер оқытушының педагог ретінде жұмыс істеу әдіс-тәсілін, тыңдаушылармен қарым-қатынасын біршама өзгертіп отыр. Соңғы кездері «оқыту үрдісі» ұғымы педагогтың студентке белгілі бір білім, дағды, білік пен құндылықтар беру мақсатындағы үрдіс ретінде түсіндіріліп жүр және интерактивтік оқытудың кеңінен қолданылып жүрген мынадай әдістер топтамасы аталады:



Инновациялық технологиялар – ол білім саласындағы қолданатын жаңа ақпараттық технологиялар, ғылым жетістіктеріне негізделіңген әдістер



технологияның артықшылықтары

Біріншіден, технологияда түпкі нәтиже дәл анықталады. Дәстүрлі педагогикада мақсатқа жету жолдары анық болмайды. мақсат дәл болғандықтан, оны дәл анықтауға мүмкіндік бар.

Екіншіден, мақсат диагностикаға сүйеніп қойылғандықан, оған жету үшін істелетін жұмыстардың нәтижесі объективтік әдістер арқылы тексеріледі.

Үшіншіден, мұғалім дайындықсыз оқыту процесін жүзеге асыра алмайды.

Төртіншіден, әдістемеді сабақ жоспарлары – мұғалімнің жоспары, оқыту процесінде жұмыс істейтін мұғалім. Ал технологияда оқушылардың оқуіс-әрекетінің түрлері және көрсетілген жоба жасалады. әдістеме бойынша әр мұғалім сабақ жоспарын өзінше жасайды, демек сабақта оқушылардың іс-әрекеті де түрліше ұйымдастырылады.

технологияның кезеңдері

оқытудың мақсатын диагностика арқылы қайта тұжырымдау

жаңа мақсатқа жету кезеңдерін белгілеу

диагностика негізінде оқытудың жаңа мақсатын қою

Технологияда оқушыда қалыптасқан сапа, іскерлік, қасиет
анық суреттеледі

Тексеру құралдары арқылы оқушының сапасы, қажеттіліктері, іскерліктері, даму, қалыптасу деңгейлері анықталады. Оқушының деңгейі бұрынғы деңгейімен салыстырылады, жаңа мақсат қойылады. Сонымен, мақсат анық болмаса оқу процесінің жетілдірілуіне кедергі жасалады.

Пассив әдістер.

Актив әдістер.

Интерактивтік әдістер.

Әрине, бұл әдістердің өзіндік ерекшелігі, құрылымы және сипаты бар. Осының ішінде біздің тоқталатынымыз интерактивтік әдістер.

Жалпы, интерактивтік әдіс дегеніміз не? Бұл әдістің тиімділігі мен ерекшелігі неде?

Интерактивтік әдіс («Inter» - бұл өзара, «act» - әрекет, қарым-қатынас) – бұл әңгіме, сұхбат және диалог режиміндегі өзара әрекет дегенді білдіреді. Басқаша сөзбен айтқанда, тыңдаушының оқытушымен қарым-қатынасы ғана емес, сонымен қатар, бір-бірімен болған қарым-қатынасын білдіреді. Интерактивтік сабақтағы мұғалімнің ролі тыңдаушының білімді алудағы мақсатына түбегейлі жеткізу болып табылады.



Интерактивтік әдіс-тәсілдер бүгінгі таңда ба оқу орындарында кеңінен қолданылып отыр. Мысалы, шығармашылық, жұппен жұмыс, шағын топтармен жұмыс, аквариум, рөлдік ойын, пікірталас, пікірсайыс және т.б.

Интербелсенді оқу/оқыту білім игеру процесін келесідей ұйымдастыруға ынталы:

- Барлық үйренушілерге бірлескен таным процесіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау.*
- Әрбір үйренушінің өзінін үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғауына мүмкіндік жасау.*
- Үйренушілер білімді өздігімен құрастыратын орта құру (кесте).*

Интербелсенді оқу/оқытудың негізгі қағидалары мен мақсаттары

Қағидалар	Мақсаттар
Орта қалыптастыру	<ul style="list-style-type: none">- Білім алушы оқып/үйренуде өз әрекеттерінің жемісті екендігін сезінетін жағдайлар жасау;- Үйренушілер арасында ашық, еркін. шығармашылық қарым-қатынас орнату; Үйренушілерге білімді дайын күйде бермей, оны ізденуге бағыт-бағдар сілтеу.
Әрекет арқылы үйрету/үйрену	<ul style="list-style-type: none">- Үйренушілерге білімнің өзіндік әрекеттер арқылы ғана тиімді түрде меңгерілетіндігін дәлелдеу;- Үйренушілерді белсенді әрекеттерге баулып, олардың білім игеру әрекеттерін ұйымдастыру.
Өмірмен байланыстыру	<ul style="list-style-type: none">- Үйрету/үйренуді практикалық әрекеттерге негіздеу, пән мен тақырыпты күнделікті өмірде туындайтын проблемаларды шешу деп қарастыру.
Өзінділік пен дербестікке баулу	<ul style="list-style-type: none">- Үйренушілердің дайын жауаптарын қанағат тұтпай, оларды ой-толғанис арқылы өзіндік пікір құрастыруға, проблема шешуде өзіндік тұрғыдан жауап табуға ынталандыру (егер студент жауап бере алмаса, дұрыс жауапты өзі бермей, оны басқа студенттердің табуына ықпал жасау);- Үйренушілерде сыни және аналитикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру (күмәндану, өзіндік түсінікке ұмтылу, ақпараттан әртүрлі мағынаны көре білу, дәлелдеме келтіру).

Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл ұжымдық, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру.



Интерактивтік оқыту технологиясына:

- Жұптасып жұмыс істеу.
- Ротациялық (ауыспалы) үштік.
- Шағын топтармен жұмыс.
- Аяқталмаған сөйлем.
- Есептеу ағашы. /Дерево решений/
- Өз атынан сот. /Суд от своего имени/
- Азаматтық тыңдау.
- Рөлдік /іскерлік/ ойын.
- Өз позицияңды ұстан.
- Дискуссия.

Интербелсенді оқуда/үйренуде білім алушылар келесідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту*
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру:*
- ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екшеп, оның ішінен керектісін таңдап алу;*
- ақпаратты жан-жақты талдау;*
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;*
- оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сезімдерін калып тастырып, белсенді өмірлік позиция (көзкарас, дүниетаным) ұстану;*
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;*
- басқа да балама пікірлерді ескеру;*
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;*
- ортақ жұмысқа жұмыла білу;*
- басқалармен тиімді қарым-қатынас құру, өзара әрекеттесу;*
- үйренушілер ұжымына ортақ бірлесе жұмыс жасаудың рухани және моральдік ережелерді қабылдау;*
- студенттік топты ұжым ретінде қабылдау.*

Дәстүрлі және инновациялық оқыту технологиялар

Дәстүрлі технология білім, ептілік және дағдыларды ұсынуға бағытталған. Ол өтіліп жатқан материалдың игерілуін, қайта жасау деңгейіндегі білім сапасының бағалануын қамтамасыз етеді. Бұл технологияның ежелгі түрі, ол бүгінгі таңда да кең таралған (әсіресе орта мектепте). Оның мәні: *жаңаны игерту – бекіту – қадағалау – бағалау* сұлбасы бойынша оқу процесін жүргізу. Технология негізіне табысты өмір тіршілігін қамтамасыз ететіндей білім ауқымын анықтауға мүмкіндік беретін және оқушыға жеткізу жолын көрсететін білімдік бағыт-бағдарлама алынады. Осыған орай оқу-оқтудың басты әдістері ретінде 1) көрнекілік және онымен бірге жүретін түсіндіру, 2) оқушының жетекші іс-әрекеттері түрлеріне – тыңдау мен есте қалдыру, 3) басты талап және тиімділіктің негізгі көрсеткіштеріне – игерілгенді қалтқысыз қайталап жаңғырту ептілігі алынады. Мұғалім қызметтері – түсіндіру, әрекеттерді көрсету, оқушылар орындағандарды бағалау, реттеу және түзету.

Оқу технологиясы бірқатар маңызды да да ұнамды тараптармен еленген. Олар – үнемділігі, күрделі материалды түсінуді жеңілдетуі, білім-тәрбие процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етуі, білім ұсынудың жаңа әдіс-тәсідерін пайдалануға икемді келуі. Сонымен бірге дәстүрлі технология біршама кемшіліктерге де жол береді – оқу процесін дараландыру мен жіктеуге қолайсыз, оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға мүмкіншілігі кем.



Отандық ДӘСТҮРЛІ педагогика тәжірибесінде оқыту ӘДІСТЕРІ үш топқа бөлінеді:

- Оқу-танымдық қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері
- Оқу-танымдық қызметтің тиімділігін бақылау әдістері
- Оқу-танымдық қызметті ынталандыру әдістері



Өз кезегінде, оларды мынадай белгілері бойынша жинақтап қорытуға болады:

1

1. Ауызша, көрнекі, тәжірибелік (оқу материалын баяндау көзі бойынша)

2. Өсімпаздық түсіндірмелі-бейнелі, ізденістік, зерттеушілік, мәселелік және т.б. (оқу-танымдық қызметтің сипаты бойынша)

3. Индукциялық және дедукциялық (оқу материалын баяндау және түйсіну қисыны бойынша)

2

Білімдерді, қабілеттер мен дағдыларды меңгеру нәтижелерін ауызша, жазбаша тексерулер және өзіндік тексерулер

3

Білімдерді, қабілеттер мен дағдыларды меңгеруде ынтаның, жауапкершілік сезімінің, міндеттемелердің, мүдделердің қалыптасуын көтермелеу

Дәстүрлі оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері

Оң жақтары	Теріс жақтары
Оқытудың жүйелі сипаты	<ul style="list-style-type: none"> - Үлгі бойынша құру, бірыңғай - Мазмұнның технократизмі
Оқу материалын ретпен, логикалық дұрыс беру	<ul style="list-style-type: none"> - Сабақ уақытын оңтайлы емес бөлу - Оқушыларды мақсат қою, жоспарлау, бағалау функциясынан айыру - Сабақта тек материалға алғашқы бағдар жасау ғана жүзеге асырылады, ал жоғары нәтижелерге жету үй тапсырмаларына қалдырылады
Ұйымдастырудың нақтылығы	<ul style="list-style-type: none"> - Оқушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасаудан оқшауланады - Оқушылар өз бетінше болып, таңдау жасай алмайды
Мұғалім тұлғасының үнемі эмоционалды ықпалы	<ul style="list-style-type: none"> - Оқушылардың пассивтілігі немесе белсенділіктің нашар байқалуы - Сөйлеу іс-әрекеті нашар (оқушының орташа сөйлеу уақыты бір күнде екі минут) - Кері байланыс нашар. Орташа тәсіл
Жаппай оқыту кезіндегі оңтайлы шығындар	<ul style="list-style-type: none"> - Орташаландырылған тәсіл, ол бәріне жарамайды - Жекелендірілген оқыту жоқ - Жасына қарай бөлектеу (сегрегация) - Дәстүрлі оқытуда тәрбиеге мүлде орын жоқ - Бағалау әдістерінің негативизмі



Дәстүрлі және инновациялық технологияларды салыстыру

Негізгі сиппатамалары	Білім берудің дәстүрлі үлгісі	Білім берудің инновациялық үлгісі
Білімдерді қолдану	Типтік білімдер арасында	Шынайы шарттарда білімдерді жетілік қолдану
Білім берудегі басым стандарты	Фронтальдық (дәріс) және жеке (семинар сабақтары және бақылау)	Білім беру саласында топтық және ұжымдық жұмыстар стандарттарын қолдану

Дәстүрлі және инновациялық технологияларды салыстыру

Білім берудің инновациялық үлгілері	Негізгі ерекшеліктер	Дәстүрлі үлгісінің дамытуға арналған параметрлері
Білім материалдарды толық игеру	Студенттердің дәріс материалдарын толық игеруге арналған жаңа нұсқаларды жасау (білім беру жағдайларының параметрлерін өзгерту арқылы)	білім берудің нәтижелерінде тіркелім



Білім берудің инновациялық әдістері мен технологиялар

бейтарап - оқушы "объект" ретінде
(тындайды және қарайды);

белсенді- оқушы "субъект" ретінде
(өзіндік жұмыс, шығармашылық
тапсырма);

интерактивтік – әрекеттестік (қарым-
қатынас)





Интерактивті оқыту

— бұл танымдық қызметті ұйымдастырудың арнайы нысаны. Ол әбден нақты әрі болжамды мақсаттарды білдіреді. Мұндай мақсаттардың бірі – тыңдаушы өзінің ақыл-парасатының толымдылығын сезінетіндей қолайлы жағдай жасау, бұл оқу үдерісінің өзін өнімді етеді.



Интерактивті әдістер оқу қарым-қатынастары ортасын құрады, ол:

- ашықтықпен;
- қатысушылардың өзара әрекеттестігімен;
- қатысушылардың дәлелдерінің теңдігімен;
- бірлесе білім жинаумен;
- өзара бағалау мен бақылау мүмкіншілігімен сипатталады.





Негізгі интерактивті әдістер

- **Шығармашылық тапсырмалар**

- Шағын топтарда жұмыс істеу

- **Үйретуші ойындар**

- рөлдік ойындар, еліктемелер,
- іскерлік ойындар және білім беретін ойындар

- **Қоғамдық ресурстарды пайдалану**

- Әлеуметтік жобалар және аудиториядан тыс оқыту әдістері



•Жобалау тәсілдері

- «Жалғыз –екеулеп –бәрі бірге», «Карусель», «Теледидарлық ток-шоу стиліндегі пікірталас», талқылау, симпозиум)

•Жаңа материалды зерделеу және пысықтау

- Интерактивті дәріс, көрнекі құралдармен, бейне- және дыбысты материалдармен жұмыс

•Мәселелерді шешу

- «Шешімдер ағашы»,
- «Ми шабуылы»,
- «Шырмауды шешу»,
- «Келіссөздер және медиация»

Оқытудың инновациялық әдістерінің классификациясы. Оқу-танымдық қызметі бойынша

Имитациялық

- Ойын
 - Оқу ойын
 - Іскерлік ойын
 - Ойынның жағдайы
 - Белсенді режимдегі тренинг
 - Ойын рәсімдері және әдістері
- Ойын емес
 - Case-study
 - ТРИЗ
- Имитациялық емес
 - Мәселе бойынша дәріс, дәріс-пресс-конференция
 - Іскерлік ойын
 - Ойынның жағдайы
 - Белсенді режимдегі тренинг
 - Ойын рәсімдері және әдістері



Оқытудың инновациялық әдістерінің классификациясы.



қатысушы саны бойынша

Жеке

Топтық

Ұжымд
ық

Триада
және
диада

ұйымдастырылған жері бойынша



Аудиториялық


- Аудиториялық емес
- жолсапарлы
- Экскурсиялық

компьютерді қолдану принципі бойынша

Дербес
компью
терсіз

Компью
терлік
ойында
р

компью
терлік
бағдарл
амалар
негізінд



Оқытудың инновациялық әдістерінің классификациясы. – қатысушылардың іс-әрекеттерінің үлгілері бойынша

- 1
 - Әрекеттердің және пәндердің әр-түрлі белгілері бойынша ранжирование жасау
- 2
 - Әлеуметтік-психологиялық, басқару, зерттеу және инженерлік-жобалау есептерді шығару
- 3
 - Келіспеушілік , басқару жағдайларындағы әрекеттердің тактикасын талдау
- 4
 - Көңіл қабілеттілігінің, ойлау тездігінің демонстрациясы және тренинг арқылы дамыту
- 5
 - Нысандарды жобалау және конструкциясын жасау
- 6
 - Құрылымдарды және үдерістерді оңтайландыру



Құзырлы әдіс, оқытудың белгілі нәтижеге бағытталуы.

Құзыреттіліктер туралы айтқан кезде құзырет пен құзыреттілік деген түсініктерді нақтылап алу керек.

Құзырет – нақты өмірлік жағдайларда тиімді қызмет ету үшін адамның өз білімін, біліктілігін мен дағдыларын және сыртқы ресурстарды жұмылдыруға дайындығы; айқын емес жағдайларда әрекет етуге дайындығы.

Құзыреттілік – адамның тиісті құзыреттілікті иеленуі, қожа болуы, бұған біліктілік пен қызмет пәніне оның жеке қарым-қатынасы жатады.

Құзыреттіліктің маңызды ерекшеліктері бар: әрдайым пайдалануға дайын күйде «сақталатын» білім, біліктілік пен дағдылардан айырмашылығы, құзыреттілік оны іске асыру кезінде ғана, демек, жағдайға байланысты жауап беру кезінде ғана «жиналады».

Негізгі құзыреттіліктер тізімі әлеуметтік тәжірибе мен жеке басының тәжірибесін, сондай-ақ студенттердің өз бетінше білімін дамытуға қолданылатын негізгі қызмет түрлерін құрылымдық жағынан таныстыру негізінде анықталады. Біліктіліктің 3 негізгі түрі енгізілген А. В. Хуторскийдің классификациясын қарастырайық: 1) негізгі құзыреттіліктер: құндылық – мәнді, жалпы мәдени, оқу-танымдық, ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік-еңбектік, жеке тұлға ретінде өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі, 2) жалпы пәндік құзыреттілік, 3) пәндік құзыреттілік.

Құзыреттіліктің әрқайсысы білім, біліктілік пен дағды және құндылықтардың үлкен кешенінен тұрады.



Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі-оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгерумен өлшенеді. Мұғалім қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзыреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ.

«Құзыреттілік» ұғымы педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылық-белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді шешім шығара алады дегенді білдіреді.

Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігінің негізгі шарттары:

Тұлғааралық және еңбектегі байланыс.

Қызметтің эканомикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық аспектілерін меңгеруі.


Қызметті жаңа жағдайға бейімдеудегі, басқару шешімін қабылдаудағы дайындығы.

Практикалық кәсіби тапсырмаларды орындаудағы дайындық әлеуеті

Нақты жағдайларға байланысты қандай да бір әдістерді пайдалану біліктілігі.

Тиімді шешім қабылдау қабілеті.

«Құзырлылық – тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті»- деп түйіндейді белгілі оқымысты Т. Г. Браже. Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет.



Кәсіби құзіреттілік бір нәрсе жайлы беделді ой, кесімді пікір білдіруге мүмкіндік беретін білімділердің сипаттамасы ретінде қарастырылады. Сондықтан оның құрылымына әлеуметтік психологиялық, аутопсихологиялық, коммуникативті, педагогикалық-педагогикалық, әлеуметтік, перцептикалық құзіреттілік жатады.

Мұндағы әлеуметтік-перцептикалық құзіреттілік байқампаздық пен өткірлік яғни тұлғааралық қарым-қатынаста баға бере алушылық, салыстыра білушілік, талдау мен рефлексиялау нәтижесінде басқаның образын қалыптаструдан түзіледі.

Аутопсихологиялық құзіреттілік-тұлғаның өзінің сапаларын өзгертуге дайындығы мен қабілеттеріне бағытталған психологиялық жұмыс. Оның нәтижесінде өзін-өзі дамыту мен жетілдіру, өзіндік ресурстарына әсер етуі қамтамасыз етіледі. Аутопсихологиялық құзіреттіліктің жүйе ретіндегі құрылымдық компоненттеріне;

- рефлексивтік - өзін-өзі бағалау, бақылау
- жобалаушылық - өзін-өзі өзгерту әрекетін жоспарлау
- өзара коммуникативтілік – ішкі диалог
- ұйымдастырушылық – ішкі ресурстарын өзін дамыту үшін аша алуы
- прогностикалық - өзінің даму сәттеріне сүйсінуге қабілеттілік жатады.

Сонымен аутопсихологиялық құзіреттілік-тұлғаның өз білімділігін өзі танып, бағалап, бақылап, дамытуға бағыттауы, мұның нәтижесінде шығармашылық әлеуеттің дамуы жеделдейді деп есетеуге болады.

Рефлексивті құзіреттілік-шығармашылық әрекетті жоғарылататын кәсіби-тұлғалық дамуды жеделдететін рефлексивтік үрдістерде көрінетін тұлғаның кәсіби сапасы. Ол маманның өз тәжірибесін талдау арқылы дамуды ынталандыратын жаңа кәсіби этолондар мен стандарттарды белгілеудегі ролін арттырады.

Құзырлы әдіс, оқытудың белгілі нәтижеге бағытталуы.



- Болон процессі;
- Білім беру жүйесінің реформасы
- Құзырлы әдіс - білім беру саласындағы жаңа стандарттарының жалпы бағыты бойынша

«Құзырлылық» ұғымы



латын тілінен «compretio» аударғанда
«жасай алу» деген мағынаны білдіреді.

- қабілет
- мотивация

- білім
- тұлға

ЮНЕСКО глоссарийінде мынадай анықтама берген

Құзырлылық – бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын проблемалар мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілік.



«Құзырлылық» ұғымы

Белгілі ғалым М.М.Чошанов
құзырлылықты білім, білік, дағдының
өзара байланысы деп қарап, оның
төмендегідей формуласын ұсынады: білімді
қолданудың жылдамдығы + әдістердің
оралымдылығы + ойлаудың сынаулығы





«Құзырлылық» ұғымы

Қ.Құдайбергенова «Құзырды әртүрлі кенеттен болған ситуацияларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік ситуация арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлылықты адамның өзіндік деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады» деген тоқтам жасайды.

Құзырлы әдіс, оқытудың нәтижелері

- оқушылар нәтижелерінің деңгейін және олар сол деңгейге жету амалдарын білдіреді
- түлектерге негізгі сурақ: қазір, дәреже алғанда **нені жасау білесіндер?**
Бұрынғыға қарағанда – дәреже алу үшін сендер нені жасадыңдар?





№ 1.2 тақырып.

- Оқытудағы жеке тұлғаға бағдарланған әдіс, Жеке тұлғалық және білімгердің қабілеттері мен қажеттіліктерін қамту арқылы саралау әдіс принциптері.
- Оқытудағы саралау әдісінің теориялық негіздері.
- Оқытудағы саралау әдісінің әдістемелік аспектілері.


Тұлғаға бағытталған оқыту

– бұл педагогикалық қызметтегі методологиялық бағдар, ол өзара байланысты түсініктер, идеялар мен тәсілдер арқылы өзіндік тануын, өзін-өзі қалыптасуын және бала тұлғасының қабілеттерінің жүзеге асуын, оның қайталанбас даралығының дамуын қамтамасыз етеді және қолдайды.



Жеке тұлғаға бағытталған әдіс негізіндегі педагогикалық технологиялар

- Жеке-бағытталған білім беру (Якиманская И.С.)
- Дербес дамытудың технологиясы (Селевко Г.К.)
- Ынтымақтастықтың педагогикасы



- Адамгершіл-жеке технология
Амонашвили Ш.А.
- Ойын технологиялары
- Дамыту технологиялар
- Проблемалық тәлім-тәрбие
- Деңгейлік саралау технологиясы



Тұлғаға бағытталған оқыту-бұл

- Оқушымен жеке жұмыс мүмкіндігі
- Оқушы тұлғасын тану және қадірлеу;
- Қабілеттеріне қарай топтарға бөлінген балаларды оқыту;
- Балалармен ынтымақтастық;
- Оқытудың түрін, мазмұнын, формасын таңдауға мүмкіндік беру;
- Оқушылардың танымдық стратегиясын дамыту;
- Оқыту үрдісінде балалардың тұлғалық тәжірибесін есепке алу;



Мақсаттарды қойғанда басты назар неге аударылады?

- Әр оқушының жеке танымдық қабілеттерін дамыту;
- Баланың жеке (субъектік) тәжірибесін көбірек анықтау, ынталандыру, пайдалану, «мәдениеттендіру»;
- Баланың алдын-ала жоспарланған ерекшеліктерін қалыптастырмай, оның өзін-өзі тануына,, өмірде өз орнын табуына және қабілеттерінің іске асуына көмек көрсету .



Негізгі принциптері

- Жеке даралық
- Тұлға;
- Күн талабына сай келетін мәселелерді өзі шеше алатын тұлға;
- Өзіндік ойын білдіре алатын;
- Субъективтілік;
- Мен - концепция;
- Таңдау;
- Педагогикалық қолдау;



Принциптері

- Көкейтесті мәселелерді өзіндік шешу;
- Жеке даралық;
- Субъективтілік;
- Таңдау;
- Шығармашылық пен сәттілік;
- Сенімділік пен қолдау;



Әдістеменің ерекшеліктері:

Оқу үрдісі оқушы мен мұғалімнің оқу сұхбатына негізделген, ол бағдарламалық қызметті бірлесіп құруға бағытталған. Бұл жерде оқушының ынтасы, оқу материалының мазмұнын, формасын, түрін жеке таңдауы, алған білімін оқытуға қатысты емес жағдайда, қажет болған соң өздігінен пайдалануға талабы есепке алынады.



Білім, білік, дағды



Сыртқы дүниеден қабылдағанның барлығына оқушы таңдаумен қарайды. Ғылыми-педагогикалық логиканың барлық ережелері бойынша бір жүйеге біріктірілген түсініктердің барлығын оқушылар игере алады деп айта алмаймыз, оқушы, көбінесе, өзінің жеке тәжірибесінде пайдаланатын түсініктерді ғана меңгереді. Сондықтан оқу үрдісін ұйымдастырғандағы бастапқы нүкте субъектік тәжірибені көкейтестілендіру, байланыстарды іздеу, дамудың жақын аймақтарын анықтау.

Оқу қызметінің тәсілі



Бұл технологияда барлық білім беру жүйесінің орталығы баланың даралық қасиеттері болып табылғандықтан оның әдістемелік негізінде оқу үрдісін даралау және саралау принциптері жатыр. Кез-келген пәндік әдістеменің негізгі идеясы – әр оқушының жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ашу болып табылады. Одан кейін бұл мүмкіндіктер ұтымды жүзеге асырылатын құрылым анықталады;

Ең басынан әр бала үшін оқшауланған орта құрылмайды, керісінше, ол өзін көрсете алу мүмкіндігі болатын ашық жан-жақты мектеп ортасы құрылады. Бұл мүмкіндікті педагог кәсіптік тұрғыдан анықтаған кезде оның дамуы үшін қажетті жағдай тудыратын оқытудың саралау формасын ұсынуға болады;



Педагогтың сабақта қолданатын икемді, жалықтырмайтын, түсінікті даралау мен саралаудың формалары оқушының таңдаған танымдық қызығушылығын , олардың көрінуінің тұрақтылығын, оқушының оны оқу қызметінің тәсілдері арқылы жүзеге асырудағы өзіндік жұмысы мен белсенділігін анықтауға мүмкіндік береді.



Мұғалімнің ұстанымы

- Оқытудың субъектік тәжірибесін ынталандыру;
- Әр оқушының даралығын дамыту;
- Әр адамның жеке басының ерекшеліктерін, өзіндік құндылықтарын тану



Оқушы ұстанымы

- Оқу-тәрбие үрдісінің элементтерін еркін таңдау;
- Өзін-өзі тану, өз орнын табу, өз қабілеттерін жүзеге асыру;



Технологиялық аспект

- Модульдік оқыту;
- Семинар;
- Сұхбат;
- Шығармашылық зертхана, іскерлік зертхана;
- Іскерлік ойын (имитациялық, зерттеушілік, іздеушілік);
- Тренинг;
- Кейс әдісі;



Бақылау формалары:

- Курс портфелі (портфолио);
- Эссе;
- Шығармашылық жоба;
- Әр түрлі шығармашылық тапсырмалар;
- Әр түрлі тестілік материалдар;



Нәтижелері

Тұлға - оқыту мен тәрбиелеуде басты тұлға болып табылады. Осыған байланысты бүкіл білім беру ісі оқушыларға, оның тұлғасына бағытталған, оқыту мақсаттары, мазмұны мен ұйымдастыру формасы жағынан оқушының барлық қабілеттерін дамытуға бағытталған.



Жеке тұлғаға бағытталған оқытудың негізгі бағыттары

- Деңгейлік
- Саралау әдісі (дифференциалдық)
- Жеке
- Субъективті-жеке



Оқытудағы саралау әдісінің теориялық негіздері

Деңгейлеп, саралап оқыту технологиясы
оқыту педагогикалық технологиясында
алынған нәтиже сәйкесті меңгеру
деңгейлері түрінде анықталады.



Саралау негізіндегі педагогикалық технология мазмұнының ерекшелігі:

- жеке құрылымдарға бағдар беру;
- білім мазмұнының сипаты мен көлемі, оқу жоспарының, материалының, баяндау түрлерінің дидактикалық құрылымы.





- **Ішкі саралау**

- Ішкі дифференциация - көлденең белгілері бойынша сыныптағы оқушылардың тәлім-тәрбиесі.

- **Сыртқы саралау**

- тағайынды ұстанымдарының (мүдденің, икемдердің, зейіндердің, кемел нәтижелердің, талдаған кәсіптің) негізінде жиналған оқушылар топтары

Сыртқы саралау

Сыртқы саралау селективті (қатал) және
элективті (қатал емес) түрлерге бөлінеді

СЕЛЕКТИВТІ (қатал) – профильді
сыныптар, пәндерді терең оқыту әдісімен;

- ақылы сыныптар

Элективті (қатал емес) – таңдама курстар



ультатив

омелер

Оқытудағы саралау әдісінің әдістік негіздері

- оқушының оқу материалын жеңілден күрделіге қарай жүйелі меңгеруі;
- алынған нәтижені өлшеуге болатындығы;
оқу процесінің жарыс түрінде ұйымдастырылуы;
- бағалаудың жетелеушілік қасиеті;
дамыта оқытудың әдісі



Саралау негізіндегі педагогикалық технология әдістемесі

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында жұмыс міндетті үш деңгейлік, қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады. Оның басты мақсаты – білім алушыларды «қабілетті», «қабілетсіз» деген жіктерге бөлуді болдырмау, оқытудың тиімділігін арттыра отырып, сапалы білімге қол жеткізу.



I – деңгейдегі тапсырмаларға талаптар

- тапсырмалар жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болуы керек;
- алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өңін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беруі тиіс;
- жаттап алуға лайықталған болуы керек

II – деңгейдегі тапсырмаларға талаптар:

- оқушының ойлау қабілетін жетілдіруге берілетін тапсырмалар. Оларда біздің ұлттық ерекшеліктеріміз ескеріліп, танымдық және үйретімділік маңызы болуы қажет болады.
- Өтіп кеткен материалдарды реттеуге және жүйелеуге берілген тапсырмалар. Бұлар өзгертілген жағдайлардағы тапсырмалар, яғни бұрынғы тапсырмаларға ұқсас, бірақ оларды орындау үшін алғашқы алған білімдерін түрлендіріп пайдалану қажет.

III – деңгейдегі тапсырмаларға талаптар:

- оқушылардың жинаған өмірлік тәжірибиесі мен қалыптастырған ұғым, түсініктерінің, қиялы мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған дейін бомаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген, өздігімен құрастыру және оны өздігімен шығаруға бағытталған, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын тапсырмалар
- әртүрлі әдіс, тәсілдермен орындалатын тапсырмалар
- танымдық – іздену (эвристикалық) түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс

1.3 тақырып.



- Сыни ойлауды дамытудың технологиясы, оқытуда жеке тұлғалық бағдарланған әдіс.
- Сыни ойлауды дамыту технологиясы. Білімгерлер мен оқытушы іс-әрекетінің жүйесі.
- Жобалап оқыту технологиясы. Жоба бойынша жұмыстың әртүрлі сатыларында білімгерлер мен оқытушының іс-әрекет жүйесі.
- Оқытудың ықпалды технологиясы.

Сыни ойлауды дамытудың технологиясы, оқытуда жеке тұлғалық бағдарланған әдіс.

Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес шыңдалған ойлау. Бұл бағдарлама арқылы оқушылар белгілі бір мазмұнға сын тұрғыда қарап мол ақпараттар ағымынан өзіне қажеттісін таңдап алуға, саналы шешім қабылдауға, сұрақ қоя білуге, әр кез сол сұраққа жауап іздеуге үйренеді, оқушы ойы дамиды. Ерекшелігі: оқушының қызығуын арттыра отырып, қиялын дамытуға арналған. Мұғалім оқушының білім алуға бағытталған әс-әрекетін бақылай алады, бағыт-бағдар береді. Оқушылар жаңа сабақты, ақпараттарды өз бетімен меңгереді.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту»

технологиясы әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған білім берушілердің бірлескен еңбегі деп түсінуіміз керек.

Бұл бағдарламаның мақсаты барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұн, түсінікке сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға сапалы шешім қабылдауды осы сабақтарда үйренеді. Бұл технология «Сорос-Қазақстан қоры» арқылы келген.

Жобалап оқыту технологиясы.

Жобалау оқыту технологиясының кең таралған түрлерінің бірі. Жобалық технология оқушылардың іс-әрекетін түрлендіріп кеңіте түседі. Жобалауға арналған жұмыс бір тақырыпта балалар ұжымының және зерттеудің әртүрлі бағытын жалпылайтын жұмыс.

Оқушылардың ғылыми жобалардың пайдалылығы аздаған болса да зерттеу жұмысын жүргізіп, оның әдіс-тәсілдерінде болады.

Жобамен жұмыс істеудің басында мұғалімге қажеттісі

- Жобаға қатысты оқу мақсаттарын, оны әдістемелік және дидактикалық қамтамасыз етуді ойластыру;
- Жобаға қатысушылардың санын анықтау;
- Бұл жоба бір пәннің арнасында, әлде бірнеше анықтау;
- Жобаның орындалуын бір мұғалім, әлде мұғалімдер тобы жүзеге асыра ма, соны шешу;
- Зерттеудің орындалуының уақытын, мерзімін белгілеу;
- Ақпарат көздерін анықтау (кітапша, кеңес дәріс, анкеталар, бақылау, теледидар, арнайы әдебиет, білім беру мекемелері, т.б.)

Жобамен жұмыс 4 кезеңді қамтиды:

- Жоспарлау;
- Талдау кезеңі;
- Ақпаратты жалпылау кезеңі;
- Алынған нәтижені көрсету кезеңі.

I кезең. Жоспарлау.

Бұл кезеңде тақырыпты топ болып талқылау кезеңі болады. Оның нәтижесінде 5-6 тақырыпта бөлініп шығады және оны орындаушылар анықталады. Жобаны жоспарлау дегеніміз орындалатын іс-әрекетті жоспарлау болып табылады.

II кезең. Талдау.

Бұл дербес жүргізу, ақпарат алу және талдау кезеңі болып, мыналарды орындауды талап етеді:

- 1) Жобаға қатысушылардың әрбіреуінің міндеттерін дәлдей түсу және анықтау;
- 2) Ақпаратты іздеу және жинақтау. Ақпаратты жинақтау тәсілін оқушы мен мұғалім бірлесіп таңдайды. Оған бақылау, анкеталау, социологиялық сауалнама, интервью, эксперимент жүргізу, әдебиетпен жұмыс жатады. Оқушы зерттеу әдістерін пайдалануда мұғалім кеңес беріп отырады. Бұл кезеңде оқушылар ақпаратты іздеудің, оны салыстырудың және класификациялаудың, байланыстарды орнатудың және аналогияны жүргізудің, талдау мен синтезді тжүзеге асыру, топта жұмыс істеу дағдысын меңгереді; жеке бақылу мен эксперименттен, басқа адамдармен қарым-қатынастың, әдебиетпен, жұмыстан алған пікірлерді үйлестуре үйренеді.

III кезең. Ақпаратты жалпылау.

Бұл кезеңде алынған ақпаратты құрылымға келтіруге және алған білім, іскерлікпен дағдыны жинақтау жүзеге асырылады.



IV кезең. Зерттеуден алынған нәтижені көрсету.

Бұл кезеңде оқушы алынған мәліметтерді және нәтижеге жетудің тәсілдерін ұғынады. Оқушылар ақпаратты алуының және талдануының әдіс-тәсілдерін суреттейді, алған білімі мен іскерліктерді көрсетеді.

1.4 тақырып.

ЖОО оқытушысының
кәсіби қызметінің
әлеуметтік-
психологиялық
аспектілері



Таным процесінің барысы



Біз білімнің

- 10% - тін оқығанда,
- 20% - тін тыңдағанда,
- 30% - тін көзбен көргенде,
- 50% - тін көзімізбен көріп, тыңдағанда,
- 70% - тін пікір таластырғанда,
- 80% - тін тәжірибе жасағанда,
- 95% - тін басқаларды үйреткенде игереміз.

Вильям Глассер

Оқытудың интербелсенді әдістемесі бойынша сабақ ЖОСПАРЫ

- Пән
- Курс
- Тақырып
- Максаттар
- Сабақ түрі

Сабақ барысы

I. «Проблема айқындау» кезеңі

- студенттерге берілетін (қойылатын) **сұрақ** немесе **тапсырма**;
- берілген тапсырманы шәкірттер қандай **тәсіл** көмегімен орындайды?

II. «Проблема шешу» кезеңі

- студенттерге берілетін (қойылатын) **сұрақ** немесе **тапсырма**;
- берілген тапсырманы шәкірттер қандай **тәсіл** көмегімен орындайды?

III. «Проблема шешімін қолдану» кезеңі

- студенттерге берілетін (қойылатын) **сұрақ** немесе **тапсырма**;
- берілген тапсырманы шәкірттер қандай **тәсіл** көмегімен орындайды?

Бағалау. Жазу тәсілі.

СӨЖ (Үй тапсырмасы).





Әдебиеттер

1. Роджерс Э. Инновация туралы түсінік. – // Қазақстан мектебі, № 4, 2006.
2. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
3. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – // Қазақстан мектебі, № 4, 2008
4. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007
5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

6. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. – Алматы, 2007
7. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. – Алматы, 2007
8. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. – № 3, 2011
9. Хуторской А.В. «Негізгі біліктілік жеке-бағдарлы компонент ретінде», Халықтық білім – 2003.
10. Мыңбаева А.К., Садвакасова З.М. «Оқытудың инновациялық әдістері, немесе сабақты қалай қызықты өткізуге болады»: Оқу құралы. – Алматы, 2010.



Назарларыңызға рахмет!!!

